

егемен
Қазақстан

ЖОЛДАСБЕКОВ Мырзатай

Бұл сөз айтылуы керек еді

(«Құндылықтар құлдырауы», «Егемен Қазақстан», 2015 жыл, 13 наурыз)

«Құндылықтар құлдырауы».

Халқына қадірлі азамат, атақты ғалым, мемлекет қайраткері, бүгінде алаштың абызына айналған Төрегелді Шарманов ағамыз таяуда «Егемен Қазақстанда» жариялаған мақаласын осылай атапты. Ауыр сөз. Бірақ шын сөз. Бұл сөз айтылуы керек еді. Мақалада бәріміздің де көптен көкейімізде жүрген, мазамызды алып жүрген мәселелер көтеріліпті. Ғылым-білім, руханият төңірегіндегі құлдыраулар мен келеңсіздіктерді басып-басып айтыпты. «Ашынғаннан шығады ащы дауысым» дегендей, айтпай қайтсін. Айтпауға болмайтын еді. Ол кісі айтпаса, бәрібір басқа біреуіміз айтушы едік.

Біз үлкенді құрметтеген, аға сыйлаған елміз. Сексеннен асқан жасында торғайдай шырылдап, халқы, елі үшін жаны күйзелген қайраткердің сөзі жерде қалмау керек қой деп, мен де өз үнімді қосқанды жөн көрдім.

Иә, тәуелсіздікке жеттік, лезде қоғам, заман, адам, сана өзгерді. Бізді әлем танып, мойындады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында неше түрлі оқиғалар да болып жатты. Әбіржіген жұрттың біразы ала қапшық арқалап базар жағалап кетті. Күнкөрістің қамымен тәп-тәуір мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары бизнеске кетіп қалды. Жастарға білім беретін қабілетті ұстаздардың оқу орындарынан алыстағаны білімге де, ғылымға да оңай болған жоқ. Сол кезде төмендеген білім сапасының зардабын әлі күнге тартып келеміз. Соның аяғы Төкең айтып отырған келеңсіздіктерге әкеліп отыр.

Шынында да, ғылымның, ғылыми дәреже, атақтың соншама құлдырағанын, осындай халге түскенін көрген емес едік. Бұрын докторлықты былай қойып, аспирантура бітіріп, кандидаттық диссертация қорғаудың өзі ғылыми ортада ғана емес, қоғамдағы елеулі құбылыс, оқиға болатұғын. Аспирантураның үш жылында орталық кітапханаларда көз майын тауысып, көрнекті ғалымдардан ақыл-кеңес алатынбыз. Қорғаудың алдында мамандықтан және шет тілінен емтихан тапсыратынбыз. Диссертация кафедрада жан-жақты талқыланатын, кемшіліктері аталатын. Аталған кемшіліктер түзетілгеннен соң кафедра өз мәжілісінде қайта талқылап, қорғауға ұсынатын. Одан соң қалыс ғылыми мекемеге қорытындыға жіберілетін. Сыртқы пікір де көрсетілген кемшіліктер түзетілген соң ғана автореферат таратылатын. Онда диссертанттың оппоненттері бекітіліп, қорғалатын күні айқындалатын. Автореферат қорғаудан бір ай бұрын Одақтағы тиісті ғылыми орталықтар мен жоғары оқу орындарына, кітапханаларға, ВАК-тің бекітілген тізімі бойынша жіберілетін. Жан-жақтан

кафедраға пікірлер келіп түсетін. Диссертант ресми, бейресми төрешілердің пікірлерін зерделеп, жауап дайындайтын. Сөйтіп, диссертация қорғау ғылымның, қоғамның алдындағы үлкен сынаққа айналатын. Қорғау қызу талқыланатын. Бірнеше сағатқа созылатын.

Мәселен, менің кандидаттық жұмысым әдебиетіміздің түп-төркінін зерттеуге арналған тұңғыш диссертация болды. Әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет туған әдебиетіміздің көне дәуірі зерттелді. Содан да диссертацияны қорғауға сол кездегі көрнекті тарихшылар, әдебиетшілер, лингвистер, этнографтар, жазушылар түгел келді. Ресми оппоненттерім – Әлкей Марғұлан, Мұхтар Мағауин еді. Сөйлеушілер де көп болды. Қорғау алты сағатқа созылды. Әлі де жалғаса берер ме еді, кім білсін, жарыссөзге шығушыларды Әбділда Тәжібаевтың:

– Жолдастар, расында да мұндай қорғау әдебиетіміздің тарихында болған емес, бұл диссертацияның құндылығын бәріміз де бағалап отырмыз. Аз сөз айтылған жоқ, енді жұмыстың бағасын берейік, дауыс берейік, – деп әзер тоқтатқаны есімде.

Біздің кезімізде Қазақстанда жалғыз-ақ университет (КазГУ) болды. Бүгінде аты бар, заты жоқ, білімі, ғылымы жоқ университеттер қаптап кетті. Олар диплом береді, жарытып білім бермейді. Соның кесірінен «жоғары білімді», бірақ білімі жоқ «мамандар» көбейді. Осы күнгі магистранттардың диссертациялық жұмысының – бұрынғы студенттердің курс жұмысынан, докторанттардың диссертациясының бұрынғы студенттердің диплом жұмысынан аса алмай отырғандығының бір себебі осыдан. Жоғары оқу орындарында шәкіртке керегі жоқ, еш пайдасы да жоқ, адамның басын ғана қатыратын терминдер көбейді. Бұрындары ғылымға бөлінетін қаражаттар бүгінде «ғылыми жобалар» деп аталып, оларға конкурс жарияланатын болды. Сол конкурстардың да денін «пысықтар» ұтып жүр. «Жобалар» конкурсқа түскелі қоғамдық ғылымдар саласына қанша қаражат бөлінгенін кім білсін, өкініші, не тарихтан, не әдебиеттен, не лингвистикадан, не философиядан мақтанатындай бір еңбекті атай алмайсың. Осындай ғылыми жобалардың тағдырын ғылымға пәлендей қатысы жоқ адамдар шешіп отырғаны өкінішті-ақ.

Қолдан жасап алған, қоғамға көк тиын пайдасы жоқ қаптаған «академияларды» былай қойғанда, бүгінде Ұлттық академияда да бұрынғыдай абырой қалған жоқ. Ғылымға қосқан үлкен жаңалығы жоқ кейбір адамдардың да Ұлттық академияның академигі болып отырғандарына қайран қаласың.

Бұрынғы академиктер – шын мәніндегі ғылымдағы тұлғалар еді, өз саласында ғылымның тізгінін ұстаған, көшін бастаған, әрқайсысы өз мектебін қалыптастырған ұлылар еді. Олардың мемлекеттегі, ел ішіндегі абыройлары да зор еді, әлем мойындаған тұлғалар еді. Бүгінде академия аяқасты болып кетті. Бұл мәселенің де байыбына баратын мезгіл жетті.

Шетелдің импакт-факторлы журналдарына (әлемдік деңгейдегі жоғары рейтингті журналдар) міндетті түрде мақала жариялайтын, оған мақалаң шықпаса, сені ғалым деп танымайтын түсінік қалыптасты бүгінде. Мүмкін

ғылымның басқа салаларына бұл керек те шығар. Бірақ, қазақ тарихынан, қазақ әдебиетінен, қазақ тілінен, қазақ мәдениетінен біздің еңбегімізді сонда шетелде кім бағалайды? Мен мұны қазақ халқының ұлтына қатысты ғылым саласын қорлау, құртудың жолы деп білемін. Бүгінде докторантқа Қазақстан ғалымымен бірге міндетті түрде шетелдің бір ғалымы жетекші болуы керек. Әйтпесе, докторант қорғай алмайды. Сонда деймін-ау, қазақ әдебиетінен, қазақ тілінен, қазақ тарихынан, қазақ мәдениеті тарихынан жазылатын диссертацияға шетелдің ғалымы қалай жетекшілік етеді? Қалай бағалайды? Осындай шешімді қабылдаған қандай адам деп әлі күнге аң-таңмын.

Төрөгелді ағамыздың аста-төк ысырапқа, дәулет, байлық, атақ жарыстырған тойларға қатысты айтқан пікіріне де толық қосыламын.

Бұрынғы кезде қазақ: «Өлім жоқтың артын ашады, бардың атын шығарады» деуші еді, бүгінде қазақтың тойы бәсекеге, жарысқа айналып барады. Есепсіз ақша төлеп, бірінен бірін асырып, жер дүниеден атақты әртістерді шақыру әдетке айналды. Басқасын былай қойғанда, бүгінде төрдегі төрелердің тойы қара өңді әншілерсіз өтпейтін болды. Оларсыз тойдың сәні кірмейтіндей болып барады. Шағын басқосуларда қыздарды жалаңаш билететін болыпты деген сұмдықты естиміз. Қазаққа той керек емес демейміз, керек. Бірақ ол әсіре, ысырап, жөнсіз дарақылық болмауы керек, тойды көпке үлгіөнеге болатындай етіп өткізу керек.

Мемлекеттік сыйлықты, атақ-дәреже беруді де ретке келтірген жөн. Мемлекеттік сыйлық бүгінде жаяу жарысқа айналып кетті. Қадірі де кете бастады. Бұрын өнер адамдарына атақ-дәреже берудің де реті бар еді. Бір жағы өнер үшін, бір жағы атақ үшін жұрт тер төгіп, жанын салушы еді. Көзге түсіп, елге таныла бастағандарға «Өнерге еңбегі сіңген қайраткер» деген атақ берілуші еді. Өнер саңлағы дәрежесіне жеткендерге «Еңбегі сіңген артист», өнері одан да асқандарға «Халық артисі» атағы берілетін. Мұның өзі қоғамдағы, өнердегі елеулі құбылысқа айналатын. Бүгінде үлкен демей, кіші демей, бәріне бірдей «Еңбек сіңірген қайраткер» атағы берілетін болды. Өкініші – бұл атақты бала да, шаға да алып жатыр. Құрметті атақ берудің бұрынғы жүйесі адамды үнемі өсуге, биіктеуге шақырып, соған ынталандырып тұратын. Қазір отыз жасында «еңбегі сіңген қайраткер» атанғандардың әрі қарай одан жоғары атаққа ие болуы мүмкін емес екен. Бұл қалай болады?

Өзім болсам, еңбегі сіңген қайраткер де, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты да, академик те емеспін. Атақдәреже кумаймын. Өзімді қалың елім танып-мойындағандай шын ғалыммын, шын ғылым докторымын, шын профессормын деп ойлаймын. Осыған шүкіршілік етіп жүрген қазақпын.

Академик Т.Шарманов бір мақалада өмірдегі келеңсіздіктердің бәрін бірдей қалай көтерсін. Қазақтың өміріндегі өзге де түйткілдер аз емес. Бүгінгі ию-қию интернет заманы да ойландырмай қоймайды. Бала-шаға шалқасынан жатып, таңның атысы, күннің батысы, көзі ұйқыға кеткенше қолындағы планшеттен көз алмайтын болып алды. Жаңалыққа, білгенге қарсы емеспін, бар уайымым – ұрпақ көзден, бүйте берсе сөйлеуден қала ма деп қорқамын. Қымыз орнына – кока кола ішіп, құрт-ірімшік орнына – чипси, қазы-қарта

орнына колбаса жейтін бүгінгі ұрпақтың мінез-құлқының мұншалықты өзгеруі үлкендерді ойлантпай қоймайды.

Басқасын айтпағанда, бір шаңырақтың астында тұрып емен-жарқын әңгімелесуден, шер тарқатысудан қалып барамыз. Жас ұрпақ тәрбиені темір жәшіктен, өнегені интернеттен алатын болды. Осыдан кейін ұлға – өнеге, қызға – тәрбие, кісілік қайдан қалыптасады? Абай атқандай, әр нәрсенің шегі, шекарасы болады емес пе? Осылай жалғаса берсе Алла берген қазақтың шешендігінен де, көсемдігінен де айырылып қаламыз ба деп уайымдаймын.

Көгілдір экранда тақымы жылтылдаған, бөксесі бұлтылдаған, абыройын ашқан арсыздар, жалба шаш сайтандар көбейіп барады. Олардың айтатын әндерінің де, сөздерінің де мәні жоқ. Осылай жалғаса берсе жастар ата дәстүрінен де қол үзіп кетуі мүмкін. Ғасырлар бойы қалыптасқан, халықпен біте қайнасқан, бірге жасасып келе жатқан дәстүрлерді бір күнде ұмытуға бола ма? Ұлттық мінез ді, ұлттық қалпымызды қалыптастыратын, ұлтын сүюге бейімдейтін, бауырмашылдыққа, ізгілікке, кісілікке жетелейтін салт-дәстүрлерімізді ұрпақ санасына сіңіре беруіміз керек. Өмір салтына айналдыра беруіміз керек.

Сөздің қадірі қашқан осы заманда қайраткер, тұлға деген ұғымдарды да оңды-солды, байыбына жетпей пайдаланатын болып алдық. Біздің тарихымыз тұлғалар, қайраткерлер тарихы. Қазақта әрқайсысы бір елге тұтқа болғандай даналар, кемеңгерлер, көсемдер көп болған. Олардың тұла бойлары тұнған кісілік еді. Мектеп көрмеген, алайда Ұлы Дала университетін бітірген бұрынғы сол бабаларымыз осы күннің академиктерінен биік болатын. Халқымыздың көрегендігі де, көсемдігі де, шешендігі де, кең ойлап, кең пішетін қасиеті де сол кісілердің бойында еді. Өкініші – бірте-бірте осындай киелеріміздің де, иелеріміздің де орнын қолдан жасалған «қоғам қайраткерлері» мен «тұлғалар» баса бастады.

Жыл сайын Білім және ғылым министрлігі өткізетін Жоғары оқу орындарының «Жыл оқытушысы» конкурсы да саудаға түсе бастаған секілді. Қазақ тіліндегі оқулықтар, олардың сапасы да бітпейтін жырға айналды. Құлдыраудың көкесі осы ма деймін.

Бұрын жоғары оқу орнына түскен студент тек қана оқумен шұғылданатын еді, бүгінде студенттердің стипендиясы аз, содан да олардың дені оқудың орнына күнкөрістің қамымен жұмыс соңында сандалуда. Ақылы оқып жүргендердің жұмыс істемейтіндері кем де кем. Осыдан кейін оқудың, білімнің сапасы қайдан болсын?

Қазіргі билік басында отырғандардың көбінің ұлтқа қызмет етейін деген ниеті байқалмайды. Оларға ұлт тағдыры, қазақ мүддесі емес, мұнай мен газ, дүние-мүлік, ақша көбірек қажет секілді. Ал басқа құндылықтар олардың жадына жазылмаған. Қазіргі байларда әулет те, ұлт та жоқ. Биліктің бұтағына, Парламенттің төріне де ұлтының мүддесін емес, өзінің бизнесін қорғайтындар шығып кетті. Қазіргі қоғамдағы ойландыратын мәселенің бірі осы.

Бүгінде билікке, төрге ұмтылатындардың көбі басы жерге жеткенше иіліп, елге, халыққа қызмет етейін деп емес, байимын, дәулет жинаймын деп

келетін болды. «Халық құдайдан бір жас кіші» деп жатады ғой жұрт. Сондықтан Елбасының сеніміне ие болсам дегендердің алдымен ел сеніміне ие болуды ойланғаны жөн. Өйткені, Елбасының сенімі елім деген адамдарға көрсетіледі.

Тәуелсіздік алғанымызға да 23 жылдан асты. Өкініші – осы жылдары халық сайлаған депутаттар 2 заңды ғана мемлекеттік тілде қабылдаған екен. Бұл – әлемдік парламентарийизм тарихында өте сирек кездесетін оқиға. Мемлекеттік қызметкерлердің 95 пайызы қазақтар бола тұра олардың денінің осы күнге дейін мемлекеттік тілде сөйлемейтіндері түсініксіз-ақ.

Қазіргі таңда Жер шарында 2 мыңнан астам ұлт пен ұлыс бар. Олар 5 мыңнан астам дилек тіде сөйлейді. Осыншама ұлттар мен ұлыстар әлемде 200-ден астам мемлекеттің шаңырағы астында тіршілік кешуде. Ұлттық өмір мен ұлтаралық қатынастардың қаншалықты күрделі екендігін осы деректерден-ақ байқауға болады. Мәселен, 1939 жылы өткен халық санағында Кеңес Одағында 193 этнос болса, 1959 жылғы санақта солардың 135-і ғана ұлт пен ұлыс ретінде ресми тіркелген. Бар-жоғы 20 жыл ішінде 60-қа жуық саны аз этностық топтар жойылып, ассимиляцияланып кеткен. Жаһандану заманында көп этностық мемлекеттерде ірі титулды этностардың аз санды топтарды ассимиляциялау арқылы жұту саясаты үдемесе, толастаған емес.

Ұлтты сақтайтын – ұлттық идея. Ол ұлттың өмір сүруі, тілегі, ниеті, ойы дегенге саяды. Ұлттық идея сы бұлыңғыр елдегі билік оңай қателесуге, ырысы шайқалып төгілуге бейім тұрады. Яғни, билік үнемі ұлттық идеяны ұлықтап, қазақты қалғытпай қамшылап отыруы керек. Біздің түпкілікті идеямыз, арманымыз, мемлекеттік идеологиямыз – Мәңгілік Ел орнату.

Мәңгілік Ел болу үшін мінсіз ұлт болуымыз керек. Ұлт боламыз, іргелі ел боламыз десек, ендігі жерде қазаққа көзқарасты өзгерту керек, билік орындарына мемлекет тілін жетік білетіндерді, қазақ халқының тарихын, мәдениетін, әдебиетін, ғұрпын жақсы білетіндерді, ішкі-сыртқы саясатты игергендерді, өз саласының білгір мамандарын, нағыз мемлекетшілдерді тағайындау керек.

Ұлттығыңды ұлықтау, дәстүріңді дәріптеу, ата-ананы ардақтау, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу – қазақ арасында бұлжымас заңға, өзгермес қағидаға айналуы керек.

Айтылатын ой да, тілек те, сөз де аз емес. Төрегелді ағамыз үлкендігін, жанашырлығын, абыздығын танытты. Бұл сөзді ағамыз елге жаны ашығандықтан, одан әрі қарай төзуге болмайтындықтан айтып отыр. Түсіне білген қазаққа бұл ақсақалымыздың жанайқайы.

Үлкенді сыйлаған, әдептен озбаған, сөзге тоқтаған елміз ғой, қадірменді ағамыздың сөзіне құлақ асайық, ағайын!